



**«Педагогика ғылымы студенттердің көзімен»
халықаралық студенттік ғылыми-практикалық
конференциясының
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
международной студенческой научно-практической
конференции
«Педагогическая наука глазами студентов»**



Қостанай, 2019 ж.

Қостанай, 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

II 24

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Айдналиева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ташетов Аманжол Асқарұлы**, ғылым және халықаралық байланыстар бөлімінің бастығы, PhD докторы, психология және дефектология кафедрасының қауымдастырылған профессоры
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ермаганбетова Акбота Жаналыковна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі.

**II 24 ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨЗІМЕН
= ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА ГЛАЗАМИ СТУДЕНТОВ. – Қостанай,
2019. - 157 б.**

ISBN 978-601-7934-80-4

«Педагогика ғылымы студенттердің көзімен» атты халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

Жинаққа «Педагогика ғылымы студенттердің көзімен» атты студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Мақала авторлары: магистранттар мен студенттер білім беру үрдісінің сапасын арттырудың, білім беруді жаңғыртудың өзекті мәселелерін талқылады.

Осы жинақ студенттерге және магистранттарға арналған.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

15	Ас үй жұмысшысы, ыдыс жуушы, киім-кешекті үтіктеу кәсіптері
16	Бағбаншы, гүл өсіруші, көкөніс өсіруші мамандықтар
17-19	Мамандықтар жайлы анықтамалық фильмдер көру.
20	Ветеринариялық санитар, санитар (жуушы)
2 бөлім. Жеке ерекшеліктерім.	
21-22	Білужәнеістей алу маңыздылығы (жеке физикалық қабілеттердің болуы).
23	Өзін-өз ібағалау және талаптану деңгейі
24-25	Өзімжайлы не білемін?
26	Тестілеу “Қайдаоқуғабарамын”.
3 бөлім. Кәсіптік бағдарлар бойынша ойындар	
27-28	Кәсіби мазмұнның сюжеттік-рөлдік ойындары
29	Дидактикалықойындар
30	Қорытынды сабақ

Әдебиеттер тізімі:

1. Стреблева Е. А. Формирование мышления у детей с отклонениями в развитии : Кн. для педагога-дефектолога. - М. : Владос, 2004. - 655 с. - (Коррекционная педагогика).
2. Питерси, Мойра Маленькие ступеньки. Программа ранней педагогической помощи детям с отклонениями в развитии. Книга 7. Самообслуживание и социальные навыки / Мойра Питерси и др. - М.: Институт общегуманитарных исследований, 2001. – 158 с.
3. Клепинина, З.А. Природоведение: Учебник для учащихся специальных (коррекционных) образовательных учреждений I-II вида / З.А. Клепинина, М.Ф. Титова. - Москва: ИЛ, 2002. - 208 с.
4. Коррекционная педагогика. / Под ред. Б.П. Пузанова. - М., 1998.
5. Стреблева Е. А. Формирование мышления у детей с отклонениями в развитии : Кн. для педагога-дефектолога. - М. : Владос, 2004. - 655 с. - (Коррекционная педагогика).

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА ҚҰРУҒА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ

Қуанышбекова Назым
 ҚМПУ Педагогика және психология 4 курс студенті
 Утегенова Бибикуль Мазановна
 п.ғ.к., доцент
 Қостанай қ.
 bibi1960@mail.ru

Аннотация

Өзектілігі. Мақсаты. Бұл мақалада колледж студенттерінің ұлттық сана – сезімдерін жаңғыртуда «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізін айқындап, колледж студенттерінің әлеуметтік жоба құруға педагогикалық қолдау көрсетудің амалдарының мәнін ашып, оқу – тәрбие үрдісінде студенттердің бағдарламаға деген қызығушылығын арттыру үшін түрлі семинар, тренингтерді түрлендіріп өткізіп, тәжірибелік эксперименттік жұмыстардың әдіс – тәсілдері анықталып, бағдарламалары құрастырылып, жүзеге асырылды.

Аннотация

Актуальность. Цель. В данной статье описываются основы программы «Рухани жаңғыру» в модернизации осведомленности студентов о колледже, раскрывается

сущность педагогической поддержки социальных проектов студентов колледжа, разрабатываются различные семинары, тренинги для повышения интереса студентов к процессу обучения, а также метод экспериментальной работы, методы были определены, и программы были разработаны и реализованы.

Abstract

Relevance. Goal. This article describes the basics of the “Rouhani Zhangyru” program in modernizing students’ awareness of college, reveals the essence of pedagogical support for social projects of college students, develops various seminars, trainings to increase students’ interest in the learning process, as well as experimental work methods, methods were identified and programs have been developed and implemented.

Түйін сөздер: рухани жаңғыру, әлеуметтік жоба, сананың ашықтығы, қайырымдылық жасау, ұлттық тәлім – тәрбие.

Ключевые слова: духовное возрождение, социальный проект, прозрачность сознания, благотворительность, национальное образование.

Keywords: spiritual revival, social project, transparency of consciousness, charity, national education.

«Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы халқымызға үлкен серпіліс туғызды. Рухани дүниемізді жаңғыртты. Болашаққа деген сенімімізді нықтады. Елбасы қай мәселені қозғаса да ұлттық құндылығымыздың өзегін сақтауды ескертуден таңбайды. Сондықтан да «...рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды», «Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күні мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы», «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт – дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», деп атап көрсетеді Елбасы. [1]

Дегенмен, кәсіби білім беру оқу орнында осы бағдарламаның негізінде жасаған жұмыстардың теориялық дәлелдемелері аздау, тәжірибеде қиыншылық туғызады. Бүгінде этникалық саналуандық дәрежесі жоғары тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық дамуының объективті үрдістері арқылы жас ұрпақ тәрбиесінде қарама – қайшылықты мәселелер туындады: жастардың өмірлік құндылықтарының өзгеруі, олардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардан, адамгершілік және моральдық нормалардан алшақтауы, отбасының тәрбиелік рөлінің әлсіреуі, тәрбиедегі этникалық элементті бағаламау, девиантты мінез – құлықты жастар санының артуы, әлеуметтік селқостық, адамдар арасындағы қарым – қатынастарда ізгілік пен игіліктің жетіспеушілігі, жастарымыздың Еуропа елдеріне еліктеушіліктері, өзінің ата – тегін білмеуі, тарихи сана – сезімдерінің төмендеп кетуі т.б. Мысалы 1- курс колледж студенттерінен алғашқы сауалнама жүргізгенімізде, студенттердің бойында «ұлттық сананың қалыптасу» деңгейлерінің көрсеткіші 36% төмен, 49,8% орташа, 14,2 % жоғары екендігін байқадық. Сауалнамаға қатысқан студенттердің 8-ден 1 бөлігінде ғана ұлттық сана қалыптасу деңгейі жеткілікті дәрежеде екенігін көреміз. Аталған студенттердің барлығының ұрпақ тәрбиесіне араласатын маман болатындығын ескерсек, бұл көрсеткіштің төмен екендігін атап өткіміз келеді. Студенттер бойында ұлттық сана қалыптастыру мәселелерін зерделеуді және оларды терең түйсінуді, жан-жақты дамыған, ұлтын сүйетін, ұлт құндылықтарын дәріптейтін жеке тұлға қалыптастыру үшін жағдай жасауға бағытталған педагогикалық өзара ықпалдастық әрекеттердің түрлі формаларын даярлап, оларды іс жүзінде сынақтан өткізу арқылы ғана оң нәтижеге қол жеткізе аламыз. Сондықтан зерттеу тақырыбымыз «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша колледж студенттерінің әлеуметтік жоба құрауға педагогикалық қолдау» өзекті болып табылады.

Кесте – 1. Колледж студенттерінің ұлттық сана – сезімдерін қалыптастыратын әдістер:

Ұлттық сана қалыптастыру әдістері	Жүзеге асыру жолдары
Айтыс	Сананы, мақсат – мұраттарды, құндылық бағыттарды қалыптастыратын күделі әдіс. Айтыстың тақырыбы таңдалып алынады және өзіндік пайымдауды қажет ететін 5 – 6 сұрақ беріледі. Айтысқа қатысушыларды осы сұрақтармен таныстырып, әдебиеттер ұсынылады. Айтыстағы баяндама еркін әрі қызу болуы қажет. Айтыстың жүргізушісі қызметін, әдетте оқытушы атқарады, дегенмен ереше дайындығы бар студенттер жүргізуші бола алады.
«Сократтық сұхбат»	Студенттердің ұлттық сана – сезімін қалыптастыру үшін, оның қаншалықты дәрежеде екенін білу үшін түрлі сұрақтар қою арқылы, анықтауға болады.
Ұлы тұлғалар күні	Еліміздің батыр ұлдары мен қыздары, ұлттық мақтаныштарымыз болған Абай, Шәкәрім, Ыбырай т.б. біртуар азаматтарымыздың мерейтойларына орай өткізілген танымдық және құндылық бағыт беретіндей қызықты да мазмұнды шара болып табылады.
Сыр – сұхбат	Қазіргі кезде елімізде болып жатқан өзгерістерге орай және адамдардың бойындағы ұлттық сана деңгейінің өзгеруіне орай, студенттер арасында ой – пікірлерін, мәселелерінің шешімін табу жолдары мақсатында тәрбиелік әңгіме сағаты.
Ұлттық мұралар аукционы	Студенттермен бірге өткізілген халқымыздың дәстүрлері, мәдениеті, өнері туралы қолөнер бұйымдарын насихаттау. Сол арқылы студенттер өзіміздің төл мәдениетімізді, атадан – балаға мұра болып келе жатқан қол өнер бұйымдарымызды көріп, бойында мақтаныш сезімі, отаншылдық сезімі қалыптасады.

Кестеде көрсетілген іс – шараларды оқу – тәрбие процесінде тақырыппен сабақтастыра жүргізу оң нәтижеге жеткізіп, сонымен бірге студенттердің ұлттық санасын қалыптастыруға негіз болады деп есептейміз. Дұрыс ұйымдастырылған оқу – білім, еңбек, іс – әрекет т.б. тұлғаны дамытады, өмірлік дұрыс бағыт таңдауына, ұлтын, елін, жерін сүйуге өз үлесін қосары сөзсіз. [2]

Қазіргі егеменді Қазақстанда қайырымдылық ең өзекті мәселелерінің біріне айналды. Ұлттық мәселелерді шешу мақсатында, қол үшін беру үшін Республикамызда көптеген қайырымдылық қорлары жұмыс жасайды.

Қазақстандық жас буын бойында отаншылдық, іскерлік, жауапкершілік қасиеттер қалыптастырмай, жастардың ізгілікті, рухани өркендеуіне, сондай – ақ, өткен буынның әлеуметтік – мәдени тәжірибесін, әлем өркениеті жетістіктерін игеруіне жол ашпай әлеуметтік ұстанымдағы экономикасы бар демократиялық қоғам құру мүмкін емес.

Зерттеу жұмысының қалыптастырушы кезеңін ұйымдастыруда, біз зерттеу жұмысының мақсат – міндеттерін ескере отырып, қайырымдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуге тырыстық.

Қалыптастыру жұмыстары – студенттерді патриоттық сезімге, адамгершілікке, қайырымдылық жасауға бағыттадық.

Студенттермен жүргізілген педагогикалық жұмыс 1-1,5 ай көлемінде өткізілді. Біз жасаған бағдарлама бойынша ұйымдастырылды.

Біздің педагогикалық жұмыстың басты мақсаты – студенттерді патриоттық сезімге, адамгершілікке, қайырымдылық жасауға тәрбиелей отырып, жүзеге асыру.

Студенттермен жұмыс жасау ерекшеліктерінің ішінде келесілерді ерекшелеу керек:

1. Студенттердің жас және психо-физиологиялық ерекшеліктері мен қатар қоғамда пайдалы еңбектермен белсене қатысушы студенттердің қызығушылықтарын ескеру керек;

2. Студенттердің көзқарастарын, қызығушылық кеңдігін, мүмкіндіктері мен қабілетін ескере отырып тәрбиелеуші ортаны қалыптастыру;

Міндеттері:

- студенттердің өмірге көзқарасын өзгерту;

- студенттерді мейірімділікке, адамгершілікке кішіге ізет етуге, үлкенге құрмет етуге баулу ;

-студенттерді қолғабыс етуге, көмек көрсетуге шақыру;

- студенттерді жақсылық жасауға дағдыландыру.

«Қостанай индустриалды педагогикалық колледжі» МКҚКМСХ – ПО – 2К – 17 тобының білімгерлерімен әлеуметтік жобасы шеңберінде түрлі іс – шаралар ұйымдастырылды. Студенттерге «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша және әлеуметтік көмек көрсету туралы түсініктерін қалыптастыру барысында 7 сағаттық семинар тренинг және дөңгелек үстел өткізілді.

Кесте – 2.

№	Тақырыптары:	Түрі:
1.	«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласын кең көлемде насихаттау	дәріс
2.	«Рухани жаңғыру – дамудың басты кепілі»	семинар-практикум
3.	«Жолдаужолымен, білімбиігіне!»	дөңгелек үстел
4.	«Рухани жаңғыру: тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеу жолы»	тренинг
5.	«Өзіңізді Отаныңның шын патриотымын деп ойлайсыз ба?»	пікірталас
6.	«Жарқын өмір игілігі жақсылық»	пікірталас
7.	«Жақсылық- адамгершіліккебастайды»	дөңгелек үстел

Қалыптастыру барысында шағын бағдарлама құрастырып, оның мазмұнын келесі кестеде көрсетеміз:

Кесте – 3. Студенттерді әлеуметтік ортаға белсенді қатыстырудың бағдарламалық мазмұны

	Тақырыбы:	Жұмыс түрі
1	«Өмірді жақсы жағына бірге өзгертеміз»	Жәрмеңке
2	«Өмірге риза болып, алғыс айт»	Тренинг
3	«Ардагер, қартқа көмек»	Қазынамен сұқбаттасу
4	«Балалы үй базар»	Көп балалы аналарға көмек
5	«Қоғамға көңіл сыйлау»	Қоғаммен жұмыс
6	«Алған әсерім, ендігі құндылығым»	Тренинг

Аталған тақырыптарды өту барысында студенттердің бойына рухани – адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан,шыншыл, ақылды, қайырымды т.б. адамдық қасиеттерді игеруге ықпал ету. Студенттеріміз Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласын толық түсініп, білімдерін жетілдіріп, өз ойларын нақты айтуға үйренді.

Келесі кезекте, осы бағдарлама бойынша жұмыс жасаймыз.

Бірінші

«*Өмірді жақсы жағына бірге өзгертеміз*» атты ата-аналардың қарауынсыз қалған балаларға көмек көрсету мақсатында, жәрмеңке жүргізілді. Жәрмеңке барысында түрлі тәттілер сатылды. Жәрмеңкеге студенттер белсене атсалысты.

Екінші

«*Өмірге риза болып, алғыс айт*» атты тренинг «Кәмет жасқа толмаған балаларды бейімдеу» орталығында өткіздік.

Тренинг барысында оқушылар да студенттерде өте жақсы әсер алғандарын айтты. Оларға қолдау көрсету керектігін олардың қуанған сәттерін көру тамаша сезім екенін жеткізді. Келесі кезекте біз студенттермен бірге қарт кісіге баруды жөн деп санадық.

Үшінші

«*Ардагер, қартқа көмек*»

Сұрапыл соғысты бастан өткеріп, бейбіт күн сыйлаған ардагерлерге құрмет көрсету біздің парызымыз. Осы мақсатта біз ардагер Климчук Елена Александровна атты қартымыздың үйне барып, қолғабыс еттік. Студенттер өзін қызықтырған сауалдарын қойып, сұхбаттасты. Өздеріне керек мағлұматтарын алып, еліміздің жеріміздің қандай қымбат екенін түсінді деген ойдамыз. Сонымен қатар, студенттер қарттың қадірі, адамгершілік тақырыбында кеңінен ой қозғап, әсерлерімен бөлісті.

Төртінші

«*Балалы үй базар*»

Қазіргі таңда елімізде өзекті мәселеге айналған ол біздің көп балалы отбасылармыз. Сондықтан студенттер мен бірге көп балалы отбасыларға барып мән-жайды білуді жөн көрдік. Біз таңдаған отбасыда төрт балалы жалғыз басты ана және пәтерді жалға алып тұрады. Студенттермен бірге жәрмеңкеден түскен ақшаға мектеп жасындағы балаларына керекті заттарын алып бардық.

Бесінші

«*Қоғамға көңіл сыйлау*»

Студенттермен бірге қоғамды бақылауға, қоғамдағы адамға әлеуметтік ортадағы белсенділікті арттыруға арнадық. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың бұл замандағы орны, көзқарасы туралы жіті бақыладық. Бұл сәттегі студенттердің ойы, қоғамдағы мейірімділік, адамгершілігі жоғалғандығын айтты.

Алтыншы

«*Алған әсерім, ендігі құндылығым*»

Қалыптастырушы кезеңде жүргізілген әлеуметтік жобадан студенттер өзіне жақсы әсер алды. Студенттердің өмірге деген көзқарасы кішкене де болса жақсы жағына өзгерді, материалдық құндылыққа қарағанда, рухани құндылықтың маңызды екенін түсінді. Қайырымдылық, жанашырлық, патриоттық ұғымдарының мәнін түсінді.

Қорыта келе, қай қоғамда болмасын ел ертеңі болып саналатын жастардың қоғамда алар орны ерекше. Сондықтан, бүгінгі күні алғыр да, парасатты жастардың мемлекет, қоғам өміріне белсене қатысуы – уақыттың талабы. Сол себепті жастардың бойында патриоттық сананы қалыптастыру мәселелерінің жиі сөз болуы заңды құбылыс.

Келешек ұрпақты жан – жақты жетілген, ақыл – парасаты мол, өрісі кең етіп тәрбиелеу керек. Өмірден өз қозғарасы қалыптасқан, нақты мақсаты бар, өзіне керек дүниені ажырата алатын тұлға дамытуда оның бала кезінен келе жатқан арманы мен сол

арманға жеткізетін нақты мақсаттарымен жұмыс жасай алуы – оның болашағынан зор үміт күттіретін тұлға болуының кепілі. Қалыптастыру кезеңінде студенттермен жүргізілген бағдарламалық жұмыс біршама студенттердің ойын өзгертті. Студенттердің ой ерісі, адамгершілік, патриоттық тәрбиеге көз қарасы және қайырымдылық жасауға ынтасы күшейді. Студенттер материалдық құндылық емес, рухани құндылықтың әсері адам өмірі үшін маңызды екенін түсінгендей болды. Әрқашан әлеуметтік ортада белсенді болуға болады. Сонымен қатар, әрбір қайырымдылық шаралары үшін рахат алған студенттер барлық адамдар қайырымдылық пен айналысып, түрлі шараларға белсене ат салысса жер бетінде жаманшылық болмас еді деп тұжырымдады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. - Астана, АқОрда, 2017 жылғы 12 сәуір. 31 б, 26.

КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНЕ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДЕ “ТУҒАН ЖЕР” АТТЫ ҰЛТТЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ІСКЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Нуржигитова Меруерт Қыдыралықызы,
ҚМПУ Педагогика және психология 4 курс студенті
Қостанай қ.
Утегенова Бибикуль Мазановна
п.ғ.к., доцент
Қостанай қ.
bibi1960@mail.ru

Аннотация

Өзектілігі. Мақсаты. Бұл мақалада колледж студенттерінің патриоттық қасиеттерін қалаптастыруды негізге ала отырып, колледж студенттерінің бойына патриоттық тәрбие берудің бағыттарын қарастыру. Бүгінгі жас ұрпақ-болашақ Қазақстан азаматы. Қай халықта да ұрпағының тәрбиесіне терең мән беріп, болашағына үнемі алаңдаушылықпен қараған.

Аннотация

Актуальность. Цель. В данной статье рассматриваются направления патриотического воспитания студентов колледжа, основанные на патриотических качествах студентов колледжа. Сегодняшнее молодое поколение является гражданином Казахстана. В каждой стране он всегда уделял большое внимание воспитанию своих детей, и он всегда беспокоился о будущем. Вот почему перспектива является наиболее важной проблемой, потому что это молодой человек, который является молодым человеком, который является сознательным, здоровым, энергичным, чувствительным, образованным.

Abstract

Relevance. Goal. This article discusses the direction of patriotic education of college students, based on the patriotic qualities of college students. Today's younger generation is a citizen of Kazakhstan. In each country, he always paid great attention to raising his children, and he was always worried about the future. That is why perspective is the most important issue, because it is a young man who is a young man who is conscious, healthy, energetic, sensitive, educated.

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

Алғы сөз.....	3
<i>Бережнова Е.В.</i> Система заданий по реализации принципа перехода от обучения к самообучению в профессиональной подготовке магистрантов.....	4

СЕКЦИЯ 1. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР»

<i>Амангельді Ф., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттерінің әлеуметтік белсенді ұстанымдарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары.....	10
<i>Әнуарбек Ә. Ж., Ермаганбетова А. Ж.</i> Заманауи сабақтарда белсенді оқыту стратегияларын пайдалану жолдары.....	16
<i>Бектаева Ә. Б., Утегенова Б. М.</i> Мектепте топтық жұмысты ұйымдастырудың психологиялық- педагогикалық шарттары.....	21
<i>Едрес Т. Н., Ермаганбетова А. Ж.</i> «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде студенттердің ғылыми ізденістеріндегі педагогикадағы өзекті мәселелер.....	25
<i>Жаппар А. С., Хамзина К. Б.</i> Ата-аналардың өлшемді бағалау жүйесін қабылдауы.....	28
<i>Қуаныш А., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттерінің көшбасшылық қасиеттерін педагогика сабақтарында қалыптастыру жолдары.....	31
<i>Макатова А., Қалиев Д. Д.</i> Балаларды әлеуметтендіру мақсатында ақпараттық және коммуникациялық технологияларын пайдалану (акт).....	35
<i>Нұркелді П., Аканбаев Б. Н.</i> Ақпараттық коммуникативтік технологиялардың оқушы денсаулығына оқушы денсаулығына әсерін төмендету жолдары.....	39
<i>Сағындық С. Д., Утегенова Б. М.</i> колледж студенттерінің әлеуметтік бейімделуін педагогикалық басқару жолдары.....	43
<i>Сартаев Р., Қалиев Д. Д.</i> Оқушылардың бос уақытын шығармашылыққа пайдалану.....	47
<i>Сулейменова Г. А., Хамзина К. Б.</i> Бастауыш сыныпта қазақ тілі пәні сабақтарында үштілділікті пайдаланудың өзектілігі.....	50

СЕКЦИЯ 2. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

<i>Жаналинова С. А., Ермаганбетова А. Ж.</i> Заманауи мектептердегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру: назарбаев зияткерлік мектептері тәжірибесінен.....	54
<i>Қайырғали Н., Қалиев Д. Д.</i> «Өз бағытынды тап» бағдарламасы кәсіби бағдарлаудың формасы ретінде.....	57
<i>Қуанышбекова Н., Утегенова Б. М.</i> «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша колледж студенттерінің әлеуметтік жоба құруға педагогикалық қолдау.....	60
<i>Нуржигитова М. Қ., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттеріне патриоттыққа тәрбиелеуде “Туған жер” атты ұлттық бағдарламаның іске асыру жолдары.....	65
<i>Сәбитбек Ж., Шалгимбекова А. Б.</i> Отбасы – әлеуметтендіру үдерісінің жетекші институты.....	70

Умарова Г. С., Жоломанова М. Қ., Хамзина К. Б. Бүгінгі жастардың отбасылық құндылықтар мен салт-дәстүр мектебін сақтау мәселелері..... 76

СЕКЦИЯ 3. «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ В СТУДЕНЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ»

<i>Абдрахманова А.Б., Басанова Ж. М., Иванова Е. Н.</i> Тематический классный час как одна из эффективных форм реализации программы воспитания школьников.....	79
<i>Ажмолдаева М. Д., Иванова Е. Н.</i> Некоторые направления работы социального педагога с семьей, воспитывающей «особого ребенка».....	83
<i>Алимгасинова Г., Лантух Я., Заяц М., Мнайдарова С.С.</i> Портфолио учителя как показатель роста профессиональной компетентности.....	88
<i>Вайленко М. Е., Дзыгало М. А., Бондарь Л. А., Мнайдарова С.С.</i> Технологический подход в обучении.....	94
<i>Вишняк В. В., Иванова Е. Н.</i> Взаимодействие семьи и школы в формировании активной педагогической позиции родителей.....	100
<i>Вишняк В.В., Горбачёва О.С., Мнайдарова С.С.</i> Модель образовательной системы в контексте компетентного подхода к образованию.....	103
<i>Горбачёва О. С., Иванова Е. Н.</i> Некоторые формы реализации направлений воспитания по формированию системы ценностей старших школьников.....	109
<i>Дордый И. О., Кияшко И. А., Молокова А. А., Мнайдарова С.С.</i> Роль лидерства в педагогическом менеджменте.....	113
<i>Жуматова Д. С., Бекенова А. К.</i> Применение информационных технологий как средства интенсификации процесса обучения в вузе.....	120
<i>Жусупбекова Г., Медведок С., Кулагина С., Мнайдарова С.С.</i> Конфликт как явление и феномен социальной сферы жизнедеятельности человека.....	126
<i>Идрисова А. М., Бекенова А. К.</i> Актуальные проблемы педагогики в студенческих исследованиях.....	136
<i>Маусынбаева Д. С., Амединова Ж. О., Мнайдарова С.С.</i> Роль молодежных общественных организаций в казахстане.....	139
<i>Моркель Е. А., Равинская В. А., Фирсова П. А., Мнайдарова С.С.</i> Управление инновациями в современной школе.....	141
<i>Швецов А, С., Самохина И. А., Мнайдарова С.С.</i> Особенности экологического воспитания студентов.....	146
Конференция тұжырымдамасы.....	151
Резолюция конференции.....	153